

Құрметті Әлихан Асханұлы!

Құрметті әріптестер!

Өңдеу өнеркәсібінде белсенділік азайып, **қызмет көрсету** саласында өсім баяулағандықтан, **жаһандық экономикалық белсенділік** бәсеңдей бастады.

2-СЛАЙД. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ІСКЕРЛІК БЕЛСЕНДІЛІК

Қазақстанда **іскерлік белсенділік индексі** қазанда 49-дан **49,6-ға** дейін жақсарды. Өндірістегі жақсару көрсеткіші **51,6-ға** дейін барды.

Бизнес-климат индексі ұлғайды. Оған **болашақ** бизнес-жағдай бойынша кәсіпорындар тарапынан болған күтулердің жақсарғаны әсер етті. **Барлық** секторда индекс оң қалпында қалды.

3-СЛАЙД. ЖЫЛДЫҚ ИНФЛЯЦИЯНЫҢ БАЯУЛАУЫНА ҚАРАМАСТАН, АЙЛЫҚ ЖӘНЕ БАЗАЛЫҚ ИНФЛЯЦИЯ ТАРГЕТТЕН ЖОҒАРЫ ҚАЛПЫНДА ҚАЛДЫ

Жылдық инфляция 10,8%-ке дейін баяулады. Дегенмен, бағаның өсуі **екі таңбалы мәнде** қалып отыр. **Айлық инфляция** өткен айдың деңгейінен және таргеттен жоғары қалыптасып, **0,7%-ті** құрады. Бұл **инфляцияға қарсы** саясатты одан әрі жалғастыруды талап етеді.

4-СЛАЙД. АЗЫҚ-ТҮЛІК ИНФЛЯЦИЯСЫ

Азық-түлік инфляциясы жылдық мәнде **10,4%-ке** дейін баяулады. Ал оның айлық мәні өткен айдағы 0,3%-тен **0,5%-ке** дейін қарқын алды.

Азық-түлік тауарлары құрылымында қазан айында жұмыртқа, нан, жарма, қант және тәттілер, жаңа піскен жемістер мен ет бағасы өсті. Есесіне, ірімшіктің, жаңа піскен көкөністер мен күнбағыс майының бағасы арзандады.

5-СЛАЙД. АЗЫҚ-ТҮЛІККЕ ЖАТПАЙТЫН ИНФЛЯЦИЯ

Қазан айында азық-түлікке жатпайтын инфляция жылдық мәнде **11,1%-ке** дейін баяулады. Айлық мәнде өсім **0,8%-ті** құрады.

Қазан айында аудиовизуалды жабдықтар, отын, дәрі-дәрмек пен медициналық жабдықтар, киім-кешек пен аяқ киім бағасы өсті.

Ал тұрмыстық заттардың, жуу және тазалау құралдарының бағасы түсті.

6-СЛАЙД. АҚЫЛЫ ҚЫЗМЕТТЕР ИНФЛЯЦИЯСЫ

Қазан айында ақылы қызметтер инфляциясы жылдық мәнде **11,0%-ті** құрады. Ақылы қызметтердің айлық инфляциясы **0,8%** болды.

Ақылы қызметтер арасында тұрғын үйді жалға беру қызметінің, шаштараз бен жеке қызмет көрсететін мекемелердің, қоғамдық тамақтану, тұрғын үй-коммуналдық қызметтерінің бағасы өсті.

7-СЛАЙД. ТЕҢГЕНІҢ АЙЫРБАСТАУ БАҒАМЫНЫҢ ДИНАМИКАСЫ

Жыл басынан бері теңге бағамы 1 АҚШ доллары үшін **469,64** теңгеге дейін **1,5%-ке** әлсіреді. Қазан айында **1,1%** болды. Теңгенің әлсіреуі бірқатар сыртқы және ішкі факторға байланысты.

Біріншіден, бұл – доллардың жаһандық нығаюы. Оған АҚШ-тың Федералды резервтік жүйесінің қатаң ақша-кредит саясаты әсер етіп отыр.

Екіншіден, импорттаушылар тарапынан маусымдық сұраныстың артуы. Оған жобаларды іске асыру және бюджет қаражатын игеру циклінің жандануы мен басқа да факторлар ықпал етуде.

Ұлттық қордан республикалық бюджетке трансфертті қамтамасыз ету аясында **валюта сату** теңгеге қолдау көрсетті. Жыл басынан бері **7,5 млрд АҚШ** доллары сатылды. Қазан айында **1,5 млрд АҚШ** долларын құрады.

Мемлекеттік бағалы қағаздар нарығына бейрезиденттердің капитал ағыны жыл басынан **267 млн АҚШ** долларын құрады.

Ұлттық Банк **еркін бағам белгілеу** режимін ұстана береді және **валюталық интервенциялар** жүргізбейді.

8-СЛАЙД. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ РЕЗЕРВТЕР

Жалпы халықаралық резервтер қазан айының соңында **90,3 млрд АҚШ** долларын құрады.

Ұлттық Банктің **алтын-валюта резервтері** жыл басынан **34,0 млрд АҚШ** долларына дейін **3,1%-ке төмендеді**. Бұл Ұлттық Банктің валюталық шоттарындағы **екінші деңгейлі банктер қаражатының азаюына** байланысты. Оған Қаржы министрлігінің міндеттемелерін төлеу мақсатында **алтын-валюта резервтерін конвертациялау** да себеп болды.

Ұлттық қордың активтері жыл басынан **56,3 млрд АҚШ** долларына дейін **1,1%-ке өсті**. Оған **инвестициялық табыстың** артуы бірден-бір себеп болды. Ол жыл басынан **3,3%** немесе **1,83 млрд АҚШ** доллары.

Жыл басынан қорға түскен **түсімдердің барлығы 3,6 трлн** теңгені құрады. **Ұлттық қордан** республикалық бюджетке бөлінген трансферттер **3,7 трлн** болды.

9-СЛАЙД. БІРЫҢҒАЙ ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫНЫҢ ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІ

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтері оң динамиканы көрсетуде. Олар жыл басынан **17,2 трлн** теңгеге дейін **17,6%-ке** өсті. Инвестициялық табыс көлемі **1,3 трлн** теңгені құрады. Зейнетақы жарналары **1,7 трлн** теңге, ал жарнаны **мерзімінен бұрын алу** сомасы **223,0 млрд** теңге болды.

* * *

Сыртқы және ішкі нарықтарда экономикалық жағдай барынша тұрақты. Ұлттық Банк баға тұрақтылығын қамтамасыз етуге және экономиканың өсуіне қолайлы жағдай жасау үшін тиісті шараларды қабылдауды жалғастыра береді.

Назарларыңызға рақмет!